

"Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 460 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 желтоқсанда № 9961 тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7355 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2012 жылғы 21 сәуірдегі № 172-177 (27251) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесінде:

«1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар:» деген б ө л і м д е :

19) және 21) тармақшалар алынып тасталсын;

«2. Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық ғылыми жобалар конкурстары (ғылыми жарыстары):» деген бөлімде:

3), 6) және 11) тармақшалар алынып тасталсын:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Халықаралық ғылыми конкурстар («Математика және жобалау», «Жас ғалым», «MOSTRATES», «I - S W E E P»);»;

«3. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстары (ғылыми жарыстары):» деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Республикалық ғылыми жобалар конкурстары:

1) Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурстары (ғылыми жарыстары).»;

«4. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар:» деген бөлім мынадай мазмұндағы 17) және 18)тармақшалармен толықтырылсын:

«17) «Әл-Фараби» республикалық олимпиадасы;

«18) Қанипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиада;» .

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Ж о н т а е в а) :

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы қаңтар мен 2014 жылғы маусым аралығындағы кезеңде жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарына (ғылыми жарыстарға) қатысқан оқушыларға қолданылмайды.

Министр

А. Сәрінжіпов